

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік

пәндер кафедрасы

Жаңа Заман философиясы

Қарағанды 2010

Рационализм (лат.gatio - «разум») - болмыс пен танымның негізі ақыл-ой деп сенетін философиялық бағыт.

Рационализм 3 түрге жіктеледі:

- 1 онтологиялық
2. гносеологиялық
3. этикалық рационализм

Онтологиялық рационализм бойынша болмыс негізінде ақылды бастама жатыр, яғни болмыс о бастан ақылды.

Осынысымен рационализм - идеализмге ұқсап кеткенімен (мысалы, Платонның «таза идеялары»), басты айырмашылығы материяның (болмысты) идеяға карағандағы біріншілігін және материяның (болмыстың) өзінде ақыл барын (болуын) мойындауында. Сондықтан, болмыстың қисындылығы мен ақылды ұйымдастырылғандығына сенетін материалистер (Демокрит, Эпикур, т.б.) - рационалистер.

Гносеологиялық рационализмнің басты идеясы - «дүниені танып білетін бірден-бір құрал — адам ақыл-ойы» деген тұжырымда. Сондықтан гносеологиялық рационалистер бір жағынан ортағасырлық теология мен схоластикаға қарсы шықса, екінші жағынан эмпиристерге оппонент болды. «Білім-күш» девизін ұстанатын эмпиристер таным негізінде сезімдік тәжірибе жатыр деп сенді ("Сезімде болмаған нәрсе - ақылда болуы мүмкін емес").

Рационалистердің эмпиристерге қарсы қоятын дәлелдері:

1. ақыл сүзгісінен өткізілмеген сезім немесе тәжірибе танымға негіз бола алмайды;
2. ақыл сезім мен тәжірибенің қатысынсыз-ақ өздігінен жаңа білім мен жаңалық аша алады, ол жаңалықтар кейіннен тәжірибе түрінде дәлелденуі мүмкін.

«Моральдық - этикалық нормалар мен тәртіп негізінде ақыл-ой жатыр» деген түсінік этикалық рационализм деп аталады.

Жаңа Заманның бас
кезіндегі
философияның
хронологиясы

дәуір
I

Басаталу
ы

дәуір
I

ҚАЙТА
ӨРЛЕУ

Жаңа
Заман

АҒАРТУШЫЛ
ЫҚ

1600

1640

1688

1700

Бруно
(1548-1600)

Фр.Бэкон
(1561-1626)

Галилей
(1564-1642)

Капенелла
(1568-1639)

Локк
(1632-1704)

Ньютон
(1643-1727)

Вольтер
(1694-1778)

Гоббс
(1588-1679)

Декарт
(1569-1650)

Спиноза
(1632-1677)

Лейбниц
(1646-1716)

Беркли
(1685-1753)

Юм
(1711-1776)

Ежелгі дүние мен қазіргі заманға дейінгі көптеген философтарды (Платон, Демокрит, Эпикур, Сократ, Кант, т.б.) рационалистер қатарына жатқызуға болады. Алайда рационализмнің ресми философиялық бағытқа айналуына үлес қосқандар Р.Декарт, Спиноза болды.

Эмпиризм - таным негізінде тек сезім мен тәжірибе жатыр деген пікірді жақтайтын философиялық бағыт. XVII ғасырдағы Англияда, одан кейінгі кезеңде АҚШ-та кең тарады.

Негізін қалаушы - Фр.Бэкон. Көрнекті өкілдері Т.Гоббс, Дж.Локк, Дж.Дьюи.

Эмпиристер рационалистермен дауласты.

Декарт философиясы

Рационализмнің негізін қалаушы - француз философы, ғалым-математик **Рене Декарт** (1596-1650) деп саналады.

Декарттың философиядағы үлесі мынадай:

1. дүниені танудағы ақыл-ойдың рөлін негіздеді;
2. субстанция, оның атрибуттары мен модустары туралы ілімді ұсынды;
3. философиядағы материализм мен идеализм бағыттарын келісімге келтіруге тырысып, дуализм теориясын негіздеді;
4. танымның ғылыми әдісі және «туа біткен» идеялар теориясын ұсынды.



Болмыс пен таным негізінде ақыл-ой жатқанын Декарт былай дәлелдеді:

1. дүниеде адамға түсініксіз заттар мен құбылыстар көп (мысалы: Құдай деген бар ма? Оның қажеті қандай? Әлемнің шеті-шегі бар ма? т.б.);
2. есесіне кез-келген құбылыс пен затқа күмәндануға болады (дүние шынымен тіршілік ете ме? Күн шығып тұрғаны рас па? т.б.);
3. түсініксіз, анық емес заттармен, құбылыстармен салыстырғанда күмәндану нақты қасиет, шын процесс және дәлелді қажет етпейді;
4. күмәндану - ойдың қасиеті, демек, күмәндана отырып адам ойлайды;
5. шын тіршілік ететін адам ғана ойлай алады;
6. ойлау - ақылдың жұмысы болғандықтан, болмыс пен тану негізінде ақыл ғана жата алады.

Осыған байланысты Декарт: «Мен ойлаймын (күмәнданамын), демек, мен тіршілік етемін» афоризмінің авторына айналды.

Болмыс мәселесін зерттеу барысында Декарт болмыс мәнін сипаттайтын базалық, негіз болатын ұғымды табуға талпынды. Өз ізденістері нәтижесінде Декарт субстанция ұғымын тұжырымдады.

Субстанция - өз тіршілігі үшін өзінен басқаны қажетсінбейтіннің бәрі. Ондай қасиетке (өз тіршілігі үшін басқаны қажетсінбеу) тек субстанция ғана ие және ондай субстанция Құдай ғана бола алады. Құдай мәңгі, күдіретті, жойылмайды және барлық нәрсенің себебі мен өзегі.

Құдай өзі Субстанция, өзі Жаратушы болғандықтан субстанциялардан құралған дүниені жаратты. Құдай жаратқан субстанциялар да (жеке заттар, идеялар) субстанциялық басты қасиетке ие - тіршілік ету үшін өзінен басқаны қажет етпейді. Алайда бір-біріне қатысты алғанда өзіне-өзі жетімді (жеткілікті) болғанмен Құдайға қатысты алғанда олардың бәрі екінші және оған тәуелді (өйткені оларды жасаған Құдай).

Жаратылған субстанцияларды Декарт екі текке жіктейді:

1. материалды (заттар),
2. рухани (идеялар).

Сонымен қоса олардың әрқайсысының тек өздеріне ғана тиесілі қасиеттері (атрибуттары) болатынын атап көрсетеді:

дәйектілік - материалды заттардікі, ойлау- рухани идеялардікі.

Осылайша, барлық материалды субстанциялардың бәріне тән қасиет дәйектілік (ұзындығына, еніне, биіктігіне, тереңдігіне қарай) және олар сансыз көп рет (шексіздікке дейін) бөліне береді.

Рухани субстанцияларға ойлау қасиеті тән және олар, керісінше, бөлінбейді.

Материалды және рухани субстанциялардың басты қасиеттерінен (атрибуттарынан) тарайтын басқа да қасиеттері **модустар** деп аталады. Мысалы, дәйектіліктің модустары — форма, қозғалыс, кеңістіктегі жағдай, т.б.; ойлаудың модустары — сезімдер, тілектер, түйсіктер, т.б.

Адам, Декарт пікірінше, екі — материалды (тәндік-дәйекті) және рухани (ойлаушы) субстанциялардан құралған.

Адам - өз бойына екі бірдей субстанцияны (әрі материалды, әрі рухани) қатар біріктіретін тіршілік иесі, сондықтан ол табиғаттан жоғары көтеріле алады.

ҚОС СУБСТАНЦИЯ

Қасиеттері

Шын тіршілік ететін жалғыз,
мәңгі,
Құдіретті, ешкім жаратпаған,
ешқашан жойылмайтын,
барлық нәрсенің себебі-
Жоғары субстанция (Құдай)

Көптеген субстанциялардан
тұратын,
жаратылған дүние

Шексіз
бөлінетін

Бөлінбейтін

Материалды

Рухани

Дәйектілік

Атрибуттары (өзіне ғана
тән
қасиеттері бар)

Ойлау

Сонымен қоса
атрибуттардан
тарайтын модустары бар

Модустары

Модустары

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ф | Қ | Ж | Т |
| О | О | А | Б |
| Р | З | Ғ | |
| М | Ғ | Д | |
| а | А | А | |
| | Л | й | |
| | Ы | | |
| | С | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| С | Т | Т | Т |
| Е | І | Ү | Б |
| З | Л | Й | |
| І | Е | С | |
| М | К | І | |
| Д | Т | К | |
| Е | Е | Т | |
| Р | Р | Е | |

адам

Материалды

+

Рухани
субстанция

Қос субстанция

Адам өз бойында екі субстанцияны иқатар біріктіретіндіктен келіп дуализм (екіұдайлық, қосарлылық) идеясы туындайды.

Р.Декарт «философияның негізгі сұрағын» да дуализм тұрғысынан шешеді: «Не бірінші: материя ма, әлде, сана ма? таласы мағынасыз. Материя мен сана тек адам бойында бірігетіндіктен, адам табиғаты дуалистік болғандықтан (өз бойында екі материалды және рухани - субстанцияны біріктіретіндіктен), материя да, сана да бірінші бола алмайды - олар әрқашан болған және тұтас болмыстың екі түрлі көрінісі». Таным мәселесін зерттеуде Р.Декарт ғылыми әдіске ерекше мән береді.

Физикада, математикада, т.б. түрлі ғылым салаларында қолданылатын ғылыми әдіс таным процесінде қолданылмайды, дейді Декарт. Ғылыми әдісті таным процесінде белсенді қолдану арқылы таным процесін әлдеқайда алға жылжытуға, танымды өндірістен өнеркәсіп өндірісіне айналдыруға болады.

Ондай ғылыми әдіс ретінде Декарт дедукцияны ұсынады. Декарттың философиялық, гносеологиялық әдісінің мағынасы — таным процесінде тек абсолютті, деректі, шын білімге сүйену және ақыл арқылы логикалық тәсілдер арқылы жаңа, ақиқат білім алу.

Декарт пікірі бойынша, дедукция әдісін пайдалану арқылы ғана танымның барлық салаларында шын білімге қол жеткізуге болады.

Рационалистік - дедуктивті әдісті қолданумен қатар Декарт мынадай зерттеу тәсілдерін ұсынады:

- 1.** зерттеу барысында бастапқы қағидалар ретінде тек ақиқат, шын, ақылмен және логикамен дәлелденген, ешбір күдік туғызбайтын білімдерді ғана пайдалану;
- 2.** күрделі мәселені қарапайым бөлшектерге бөліп қарастыру;
- 3.** белгілі және дәлелденген сұрақтардан белгісіз, дәлелденбеген сұрақтарға жүйелі түрде өту;
- 4.** зерттеудің жүйелілігін, логикалық тізбегін қатаң сақтап, сол тізбектегі бірде-бір зерттеу бөлшегін тысқары қалдырмау.

Декарт туа біткен идеялар теориясын ұсынды: таным және дедукция арқылы алынатын білімдермен қатар, ешбір дәлелді қажет етпейтін ерекше, туа біткен идеялар болады. Ол ақиқаттар (аксиомалар) о бастан айқын және шын, олар Құдай ақылы мен адам ақылында әрдайым болған және болатын, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын білімдер.

Ол білімдер екі түрде:

1. ұғымдар;
2. пікірлер түрінде беріледі.

- Туа біткен ұғымдарға жататындар:
- «Құдай» (бар);
- «сан» (бар);
- «ерік»;
- «тән»;
- «жан»;
- «құрылым», т.б.

- Туа біткен пікірлер:
- «бүін өз бөлшектерінен үлкен»;
- «жоқтан ештеңе пайда болмайды»;
- «бір мезгілде болу және болмау мүмкін емес», т.б.

Декарт практикалық танымды жақтады:

Декарт ойынша таным мақсаттары мынадай болуы тиіс:

1. адамның қоршаған дүние туралы білімдерін кеңейту және тереңдету;
2. ол білімдерді адам мүддесі үшін табиғатты барынша пайдалануға қолдану;
3. адамды жетілдіруге
4. түпкі мақсат — адамның табиғатқа үстемдігіне пайдалану.

**ДЕКАРТ
ФИЛОСОФИЯСЫН
ЫҢ
ҚАЙНАРЛАРЫ
ЖӘНЕ
ЫҚПАЛЫ**

Коперник

Дж. Бруно

Кеплер

Галилей

Фр. Бэкон

Декарт

Дуализм

Деизм

Механицизм

Рационализм

КАРТЕЗИАНДЫҚ

Окказионализм

Спиноза

Монотеизм

Ньюто

Пор-Рояльдің грамматикасы және логикасы

Жан мен тәннің дербес әрекеттесуінің мүмкін еместігі; өзара әрекеттесу тек қана Құдайдың тікелей қатысуымен іске асады (Клауберг, Мальбранш)

АҒАРТУШЫЛЫҚ

Лейбниц

Вольтер

Локк

Алдын-ала қалыптастырылған

Русс

сенсуализ

Спиноза


философиясы

Бенедикт (Барух) Спиноза (1632-1677) - европалық рационализмнің көрнекті өкілі, Р.Декарт ілімін жалғастырушы, Жаңа Заманғы жетілдірілген, толық және негізделген философиялық жүйенің авторы.

Спинозаның философиялық зерттеулерінің пәні:

1. субстанция мәселесі;
2. таным теориясы;
3. этика сұрақтары, бостандық және қажеттілік мәселелері.

Спинозаның философиядағы маңызды үлесі - болмыс мәні қарастырылатын субстанция теориясын жасауында. Негізіне Декарттың субстанция туралы теориясы алынғанымен, өзі онымен келіскенімен, Спиноза Декарттың теориясының кемшіліктерін жойып, өз жүйесін қалыптастыруға тырысты.



Спиноза Декарттың субстанция туралы теориясының басты кемшілігі - оның дуализмінде деп санады. Ондағы қайшылық - өзі тіршілігі үшін өзінен өзгені қажет етпейтін мән болғандарына қарамастан барлық субстанцияларды жаратқан Жалғыз және Ең жоғарғы Ең ақиқат субстанция - Құдай болып, барлық басқа субстанциялар оған тікелей тәуелді болуында. Субстанциялардың өзара тәуелсіздігі мен олардың бәрінің бір мезгілде басқа субстанцияға - Құдайға жаппай, бірдей тәуелділігінде.

Бұл қайшылықты Спиноза өзінің біртұтас субстанция туралы ілімінде шешуге тырысты. Спиноза теориясының мәні мынада:

1. жоғарғы субстанция - Құдай мен Ол жаратқан субстанциялар арасында айырмашылық жоқ;
2. барлығын, бүкіл тіршілікті өзі қамтып жатқан бір ғана субстанция бар;
3. ол субстанция Табиғат пен Құдайды қатар қамтиды;
4. Табиғат - Құдай - бір;
5. Табиғаттан тысқары немесе Табиғаттан жоғары тұрған Құдай жоқ;
6. Құдай Табиғаттың ішінде;
7. тек біртұтас Табиғат + Құдай ғана жарата алады;
8. «Жаратушы әлем» біртұтас Табиғат + Құдай - «жаратылған дүниені» - жеке заттарды жасайды;
9. жеке заттар өз бетінше тіршілік етпейді, ол біртұтас субстанцияның - Табиғат + Құдайдың «модустары» - көріністері ғана:
10. модустар тіршілігінің сыртқы көрінісі - біртұтас субстанция (Табиғат + Құдай), модустар Оған бүтіндей тәуелді. Модустар кеңістікте және уақытта козғалады, олардың тіршілігінің басы мен аяғы бар.

Субстанцияның (Табиғат + Құдай) өзінің мынадай қасиеттері бар:

1. тіршілік етеді;
2. дербес, ештеңеге тәуелді емес;
3. өз-өзінің ішкі себебі бар (модустар сияқты сыртқы емес);
4. көптеген қасиеттерге (атрибуттарға) ие, олардың негізгілері (ойлау мен дәйектілік) Декартта жеке модустардың сипаты болса, Спиноза ілімінде бүкіл субстанцияның қасиеті;
5. уақыт пен кеңістікте шексіз;
6. мәңгі (ешкім жасамайды және жойылмайды);
7. қозғалыссыз.

Спиоза
философиясындағы
ОНТОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ГНОСЕОЛОГИЯ

Гносеология мәселелерін зерттей келіп Спиноза танымның үш сатысын жіктейді:

1. тікелей адам танымынан бастау алатын және ешбір сыртқы себептерге (сезім, тән, т.б.) тәуелді болмайтын «таза түрдегі таным» - танымның жоғарғы түрі;
2. ақиқаттығы төмен, акыл әрекеті нәтижесінде логикалық операциялар қалыптасатын таным;
3. коршаған дүниенің санада бейнеленуі нәтижесінде қалыптасатын таным. Спиноза пікірінше, ол білімдер айқын емес, толық емес, терең емес, дәлелмен негізделмеген. Бірақ олар ақиқат білім алуда үлкен рөл атқарады.

Спиноза этикасының өзекті мәселелері:

1. детерминизм (табиғаттағының бәрінің шарттылығы);
2. бостандық пен қажеттілік арақатынасы.

Оларды зерттей келіп Спиноза мынадай қорытындылар түйеді:

1. субстанцияда бостандық пен қажеттілік тұтасып, бірігеді;
2. Құдай (Табиғат) толық бостандыққа ие, бірақ Ол қажеттілік шеңберінде ғана әрекет етеді;
3. модустарда (жеке заттарда) еркіндік жоқ және олар қажеттілікке бүтіндей тәуелді;
4. адам - модус басқа модустардан ойлауымен ерекшеленеді, демек, бостандыққа ұмтылады. Бірақ ол өзі де модус болғандықтан азат емес және қажеттіліктің құрсауында ғана әрекет етеді;
5. жаны азаттықты қалағанымен, адам қажеттілік талабына көніп, қажеттілік ағынымен жүзеді (Спиноза тілінде - «рухани автомат» болып табылады);
6. сыртқы қажеттіліктерді - ішкі қажеттілікке айналдыру - бостандыққа апаратын жол;
7. бостандық - бұл танылған қажеттілік.

Жоғары дәрежедегі бостандыққа жету үшін Спиноза пікірінпе мынадай шарттар орындалуы қажет:

1. Табиғат - Құдай субстанциясы түріндегі қажеттілікті барынша (максималды) танып білу;
2. аффектілерден (қайғы, қуаныш, әуестену, т.б.) арылу қажет, өйткені олар бостандыққа кедергі жасап, адамды қажеттілік бойынша әрекет етуге мәжбүрлейді.

Спинозанын өмірлік девизі: «Күлмеу, жыламау, қарғамау-түсіну!..»

Спиноза
философиясының
қайнарлары және
ықпалы

Еуропалық философия

Дж. Бруно

Фр.Бэкон

Гоббс

Декарт

Дуализ

Деиз

Рационализ

М

М

М

СПИНОЗА

Мониз

Пантеиз

Рационализ

Діндерді
сынау

М

М

М

Ортағасырлық еуропалық философия

Маймони

Ибн
Гебрил

Неміс класскалық философиясы

Шеллин

Г

Гегель


Фейерба

Француз ағартушылары

Дидро

Гольбах

Ламетри



Фр. Бэкон философиясы

Жаңа Заман ағылшын философиясының көркейген кезеңіне айналды.

XVII-XVIII ғасырлардағы ағылшын философиясының жалпы сипаты:

1. материалистік бағыттылық (ағылшын философтарының көпшілігі басқа елдер философтарына, мысалы, осы кезеңдегі неміс философтарына кері сінше, болмыс мәселелерін материалистік тұрғыдан түсіндіріп, идеализмді қатаң сынады);

2. эмпиризмнің рационализмнен үстемдігі (Англия — философиядағы эмпиристік бағыт жеңіске жеткен, шешуші рөл ақылға, рационализмге емес, тәжірибе мен сезімдік қабылдауға берілген аз санды елдер тобына енді);

3. саяси-әлеуметтік мәселелерге үлкен қызығушылық (ағылшын философтары болмыс пен таным мәселелерін, адамның дүниедегі рөлін түсіндіруге тырысып қана қоймай, қоғам мен мемлекеттің пайда болуының себептерін іздеп, мемлекет тіршілігін дұрыс ұйымдастыру жобаларын ұсынды).



Ағылшын философиясы ХҮІІғ. Үшін озық үлгіде дамыды. Ағылшын философиясының қалыптасуына ықпал еткен саяси оқиғалар:

- ХҮІІғ. ортасындағы Оливер Кромвельдің революциясы (корольді құлату мен жазалау, республиканың аз мерзімді тіршілігі, индепенденттер қозғалысы);

- 1688 жылғы «даңқты революция»;

- протестантизмнің толық жеңісі, англикан Шіркеуінің Рим папасына тәуелсіздігі мен ішкі автономияға қол жеткізуі;

- парламент ролінің орнығуы;

- жаңа буржуазиялық қоғамдық-экономикалық қатынастардың дамуы.

Жаңа Заманғы ағылшын философиясында үлкен із қалдырғандар:

- ❖ **Фр.Бэкон** – философиядағы эмпиристік бағыттың негізін қалаушы;
- ❖ **Томас Гобсс** (мемлекет мәселесін зерттеп, «қоғамдық келісім» теориясын ұсынды);
- ❖ **Дж.Локк** (Т.Гобсс дәстүрін жалғастырып, мәселесін зерттеді).

Фр.Бэкон (1561-1626)- философиядағы эмпириялық (тәжірибелік) бағыттың негізін қалаған ағылшын философы және саяси қайраткері (1620-1621)- Ұлыбритания лордканцлері, корольдан кейінгі екінші тұлғасы.

Негізгі еңбектері:

«Ғылымдар табысы»

«Жаңа Органон»

«Жаңа Атлантида»

Фр.Бэконның философиялық идеясының - эмпиризмнің мәні: таным негізінде тек қана тәжірибе жататындығында. Жеке адам немесе адамзаттың тәжірибесі (теориялық, практикалық) көбейген сайын ол ақиқат білімге жақындай түседі. Бірақ ақиқат білім - түпкі мақсат емес. Білім мен тәжірибенің басты мақсаты - экономиканың дамуына, жаңа нәрселердің, адамның өз әрекетінде практикалық жетістіктерге жетуіне, адамның табиғатқа үстемдік етуіне көмектесу.

Фр.Бэконның философиялық кредосын бейнелейтін афоризмі:
«Білім-күш».

Фр.Бэкон «танымның басты әдісі индукция болуға тиіс» деген новаторлық идея ұсынды.

Индукция - көптеген жеке құбылыстарды жалпылау негізінде жалпы қорытындылар жасау (мысалы, «түрлі металл түрлері балқитын болса, барлық металдар балқу қасиетіне ие») деп түсіндіреді Фр.Бэкон.

Индукция әдісін Бэкон Декарт ұсынған дедукция әдісіне қарсы қойды.

Фр.Бэкон пікірінше, индукция әдісінің дедукциядан артықшылығы — мүмкіндіктердің ұлғаюы мен таным процесінің күшеюінде.

Индукцияның кемшілігі -оның түпкілікті айқын болмауы, болжамдық сипаты (өйткені бірнеше заттың немесе құбылыстың белгілері ортақ болса, осы тектес заттардың, құбылыстардың барлығы аталған белгіге ие дегенді білдірмейді: әрбір құбылыс әр жолы тәжірибе жүзіндегі тексеруді қажет етеді).

Адамзаттың білімнің барлық салаларында барынша көп тәжірибе жинауы - индукцияның басты кемшілігін (айқынсыздығын, болжамдық сипатын) жою жолы, деп түсінді Бэкон.

«Танымның басты әдісі - индукция» деп анықтап берген философ таным әрекеті іске асатын нақты жолдарды көрсетеді. Олар:

«өрмекші жолы»

«құмырсқа жолы»

«ара жолы»

«Өрмекші жолы» - «таза ақылдан» рационалистік жолмен алынатын білім. Бұл жол нақты фактілердің, практикалық тәжірибенің мәнін төмендетеді немесе ескермейді.

Рационалистер, Бэкон пікірінше, шын дүниеден қол үзіп догматизмге салынады, «ой өрнегін өз ойларынан тоқиды».

«Құмырсқа жолы» - тек қана тәжірибеге сүйеніп білім алу жолы немесе догматтық эмпиризм (өмірден қол үзген рационализмге керісінше). Бұл әдіс те біржақты. «Таза эмпириктер» өз назарын практикалық тәжірибеге, түрлі фактілерді, дәлелдерді жинауға аударып, білімнің сыртқы көрінісін, мәселені сыртынан, «қиғашынан» ғана көріп, мәселені ішінен көре алмайды, зерттеліп отырған заттар мен құбылыстардың ішкі мәнін түсіне алмайды.

«Ара жолы» - танымның ең дұрыс жолы. Осы жолды ұстаған зерттеуші философ «өрмекші жолы» мен «құмырсқа жолдарының» жақсы жақтарын алып, олардың кемшіліктерінен арылады. «Ара жолын» ұстана отырып фактілерді жинап, жалпылап (мәселеге «сыртынан» қарап), ақыл мүмкіндігін қолданып мәселенің «ішіне» үңіліп, мәнін түсіну қажет.

Бэкон пікірінше танымның ең дұрыс жолы - индукцияға негізделетін (фактілерді жинау және жалпылау, тәжірибе жинау) заттар мен құбылыстардың ішкі мәнін ақылмен түсінудің рационалистік тәсілдерін пайдаланатын эмпиризм.

Фр.Бэкон таным процесі өтетін жолдарды көрсетіп қана қоймай, адамның (адамзаттың) ақиқат білім алуына кедергі болатын себептерді көрсетіп берді. Ол себептерді Бэкон «елестер» («идолдар») деп атап, төрт түрге бөліп сипаттайды:

- 1. тектік елестер;*
- 2. үнгір елестері;*
- 3. базар елестері;*
- 4. театр елесі;*

Тектік және үңгір елестері - дүниені тануда таным табиғаты мен өз табиғатын алмастырудан туатын, адамдардың туа біткен адасушылықтары.

«Тектік елестер» - танымның адам (адамзат) мәдениеті «сүзгісінен» өтіп барып іске асатынын, сондықтан таным нәтижесіне әсер етіп, білімнің ақиқаттығын төмендететінін білдіреді.

«Үңгір елесінің» мәні - нақты адамның (танушы субъектің) тұлғасынын таным процесіне әсері, нәтижесінде адамның бұған дейінгі сенім — нанымдары, қағидалары — таным нәтижесінде көрініс беретіндігі («үңгір» - адасушылық).

Базар - театр елестері - жүре пайда болған адасушылықтар. Базар елестері - тілдегі, ұғымдық аппараттағы сөздерді, анықтамаларды дұрыс қолданбаудан туатын адасушылық.

Театр елестері - таным процесіне сол кезеңдегі таным процесінің әсері. Көп жағдайда ескі философия танымды дұрыс бағыттан кері бұрып, жаңа мүмкіндіктерге кедергі жасайды (мысалы, схоластикалық философияның танымға әсері).

Осылайша, танымның 4 түрлі негізгі кедергілерін зерттей отырып, Бэкон аталған *«елестерден»* барынша алшақ жүріп, олардың ықпалынан жоғары болып, «таза білімге» ұмтылуға кеңес береді.

Фр.Бэкон ғылымдар классификациясын жасауға тырысты. Классификация негізі -адам ақылының қасиеттері:

Ес

Қиял

пайым (рассудок)

Еске - тарихи ғылымдар,

қиялға- поэзия,

пайымға - барлық ғылымдардың негізі - философия сәйкес келеді.

Философияны Бэкон:

1. Құдай;
2. табиғат;
3. адам туралы ғылым деп тұжырымдады.

Философияның аталған 3 саласын адам түрлі жолдармен, құралдармен таниды:

1. табиғатты - тікелей сезімдік қабылдау мен тәжірибе арқылы;
2. Құдайды-табиғат арқылы;
3. өзін — рефлексия арқылы (ойдың өз-өзіне бағытталуы, ойдың ойды зерттеуі).

Фр.Бэкон философиясы ағылшын философиясына, Жаңа Заман философиясына, одан кейінгі дәуірлер философиясына үлкен әсер берді:

1. философиядағы эмпириялық (тәжірибелік) бағыттың негізі қаланды;
2. гносеология (таным туралы ілім) философияның қосалқы саласы болудан жоғары көтеріліп, онтология (болмыс туралы ілім) деңгейіне жетті; және кез-келген философиялық жүйенің басты екі бөлімінің біріне айналды;
3. философияның жаңа мақсаты анықталды - адамға оның өз әрекетінде практикалық нәтижелерге жетуіне көмектесу (осылайша Батыс философиясы жанама түрде болса да болашақ америкалық прагматистік философияның негізін қалады);
4. ғылымдарды жіктеуге талпыныс жасалды;
5. Англиямен қоса, бүкілевропалық антисхоластикалық, буржуазиялық философияға серпін берілді.

*Фрэнсис Бэкон
философиясының
қайнарлары және
ықпалы*

АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ

Платон

Аристотель

Скептицизм

Неоплатонизм

онтологи

логика

М

агностицизм

М

Ортағасырлық дәуір

Схоластикалық
платонизм

Схоластикалық
периптетизм

Ибн-Рушд

“Қос ақиқат” теориясы

ҚАЙТА ӨРЛЕУ

Ренессанстық
платонизм

Аверроизм

“Қос ақиқат”
теориясы

Галилей

Эсперименталды
әдіс

Жаңа заман

ФРЕНСИС
БЭКОН

Индуктивті әдіс

Гоббс

Декарт

Ньюто
н

“Ағартушылар”

Т. Гоббс философиясы

Негізгі еңбектері: «Азамат туралы бастапқы негіздеме», «Левиафан - материя, форма, мемлекеттік, діни және азаматтық билік». **Т.Гоббс** (1588-1679) - Бэконның философиялық дәстүрін жалғастырушы шәкірті:

1. теологиялық схоластикалық философияға қарсы шықты;
2. философия мақсаты - ғылыми-техникалық прогреске жол ашу, адам әрекетінің практикалық нәтижелеріне қол жеткізу деп түсінді;
3. эмпиризмді жақтады, Декарттың рационалистік философиясын сынады;
4. нағыз материалист болды;
5. қоғам мен мемлекет мәселесін маңызды философиялық мәселе деп санады;
6. мемлекет теориясын жасады;
7. мемлекет пайда болуының негізінде қоғамдық келісім жатыр деген идеяны алғаш ұсынды.



Гоббстың философиялық зерттеу пәні — гносеология және мемлекет мәселесі. Гоббс адам танымы негізінен сезімдік қабылдау арқылы өтеді деп санады. Сезімдік қабылдау - сезім мүшелерінің (көз, құлақ, т.б.) қоршаған дүниеден сигналдарды қабылдап, өңдеуі. Ол сипаттарды Т.Гоббс «**белгілер**» деп атап, былайша жіктейді:

1. **дыбыстар** - жануарлардың өз әрекетін немесе ниетін (білдіретін сигналдар (кұстар «әні», жыртқыштардың ырылы т.б.);
2. **ен салу** - қатынас барысында адам ойлап тапқан белгілер;
3. **табиғи белгілер** — табиғат «сигналдары» (найзағай, бұлт, т.б.);
4. **еркін коммуникативті белгілер** — тілдегі сөздер;
5. **белгілер рөліндегі белгілер** — азшылыққа ғана түсінікті, арнайы шифрланған сөз (ғылыми тіл, діни тіл, жаргон, т.б.);
6. **белгілердің белгісі** - атаулардың атауы - универсалиелер (жалпы ұғымдар).

Таным әдістері ретінде Т.Гоббс индукция мен дедукцияны қатар қолдануды жақтады. Философтың мақсаты адамға оның өз әрекеттерінде практикалық жетістікке жетуге көмектесу болғандықтан, ал адам қоғамда, нақты мемлекетте тіршілік ететіндіктен, қоғам мен мемлекет мәселесі философиядағы басты сұрақтар.

Т.Гоббс өзінің әйгілі кітабы «Левиафанда» қоғам және мемлекет теориясын негіздеді. «Левиафан» («Құбыжық») - Кромвельдің диктатурасы кезінде 1651 жылы жарық көрді.

Ол теорияның мәні мынадай:

1. адам табиғатынан залым;
2. адам әрекеттерінің қозғаушы күштері - жеке пайда мен өзімшілдік, әркімнің өз қажеттіліктері, аффектілері;
3. аталған қасиеттер әрбір адамның өзінің барлық нәрсеге құқылығын сезінуге жетелейді;
4. әрбір адамның бәріне құқылығы басқаның мүддесін аяқасты етуіне, адамдардың бірлескен дұрыс өмірі мен экономикалық прогреске мүмкіндік бермейтін және жеңімпазы болуы мүмкін емес «бәрінің бәріне соғысына» әкелді.
5. аман қалу үшін адамдар өзара «қоғамдық келісім» жасап, «бәрінің бәріне құқығын» және иеленуге ұмтылысын шектеді;
6. «бәрінің бәріне соғысын» болдырмау, шектен шыққан өзімшілдікті тоқтату үшін қоғамдық өмірді жүйелеудің қоғамдық механизмі (институты) - мемлекет пайда болды;
7. міндеттерін нәтижелі орындау үшін мемлекет аса күшті болуы қажет;
8. мемлекет дегеніміз - «Левиафан» - өз жолындағының бәрін жеп, жойып отыратын, қарсы тұру еш мүмкін емес, бірақ қоғам тіршілігі және ондағы тәртіп пен әділеттілік үшін өте қажет, мызғымайтын, көп бейнелі, аса күшті құбыжық.

Гуго Гроций философиясы

Г.Гроций (1583-1645) - Голландияның саяси-әлеуметтік және философиясының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, философ, заңгер. Ойшылдың философиялық зерттеулерінің басты салалары:

1. гносеология (таным);
2. мемлекет және құқық;
3. соғыс және бейбітшілік мәселесі;
4. халықаралық қатынастар.

Гроций табиғи құқық теориясының негізін қалады.

Бұл теорияның басты идеялары:

1. құқық Құдайдан келген жоқ;
2. құқық бастапқыдан адамға тән, тиесілі;
3. құқық атаулыны екі үлкен бөлімге топтауға болады: табиғи құқық және жазылған (позитивті) құқық;
4. табиғи құқық - адамға табиғатынан берілетін құқық (өмір сүруге құқық, тұлғалық құқық, бостандық құқығы, т.б.) - жазылған-жазылмағанына қарамай, барлық түрі бұлжымай сақталынуы тиіс;
5. жазылған (позитивті) құқық - адамдар өздері шығаратын және арнайы деректерде жазылатын тәртіп нормалары;
6. ресми (жазылған, позитивті) құқық табиғи құқыққа сүйенуі және оған қайшы келмеуі тиіс.

*Гоббс философиясының
қайнарлары және
ықпалы*

Жаңа заман бас

кезі

Фр.
Бэкон

Галиле
й

Гассенд
и

Декарт

ГОБСС

Механистік
материализ
м

“Қоғамдық
келісім” теориясы

АҒАРТУШЫЛЫҚ

дәуір

Ламетр
и

Дидро

Д.
Аламбер

Монтескье

Вольтер

Русео

Дж. Локк философиясы

Дж.Локк (1632-1704) -.Бэкон мен Гоббстың философиялық идеяларын дамытып, Жаңа Замандағы ағылшын философиясының эмпиристік және материалистік дәстүрін жалғастырды.

Негізгі еңбегі:


«Адамның ақыл — ойы туралы тәжірибе».

Дж.Локк философиясының негізгі қағидалары:

1. дүние материалды;
2. таным негізінде тек қана тәжірибе жатады («сезімде болмаған нәрсе адам ойында (ақылында) болмайды»);
3. адамда «туа біткен идеялардың» болуы мүмкін емес, себебі идеялардың өзі тәжірибе арқылы пайда болады;
4. сана - әр адам өз өміріндегі тәжірибемен толтыратын бос бөлме (empty cabinet), тәжірибе жазылатын «таза тақта» (tabula rasa);
5. тәжірибе көзі - сыртқы дүние;
6. философия мақсаты - адамның өз әрекетінде табысқа жетуіне көмектесу;
7. адам идеалы — сабырлы, заңды тындайтын және заңды сыйлайтын, адамгершілікті ұстанатын, өзін жан-жақты жетілдіріп, өз саласында жақсы жетістіктерге жеткен джентльмен;
8. мемлекет идеалы - биліктің заң шығарушы, орындаушы және федеративті (сыртқы саяси) болып жіктелген негізде құрылған мемлекет.

Мемлекеттегі билік бөлінісі туралы бірінші айтқан Локк болды.

*Локк философиясының
қайнарлары және
ықпалы*



| Ағартушылар | |
|-------------|-----------|
| Англия | Франция |
| Толланд | Вольтер |
| Пристли | Кондильяк |
| | Ламетри |
| | Гельвеций |

Беркли

Юм

Г.Лейбниц философиясы

Г.Лейбниц (1646-1716) - немістің математик-ғалымы, заңгер, философ - Жаңа Заман философиясының соңғы көрнекті өкілі және неміс классикалық философиясының ізашары.

Негізгі еңбектері: «Монадология», «Адамның ақыл - ойы туралы жаңа тәжірибелер». Лейбниц философиядағы рационалистік бағытты жақтады. Оның философиялық зерттеулерінің негізгі мәселелері:

- 1. субстанция;**
- 2. таным.**

Лейбниц Декарт пен Спинозаның субстанция туралы теорияларын зерттей келіп олардың жетілмегендігі туралы қорытындыға келді:

Лейбниц Декарттың дуализмін қабылдамады:

1. *біріншіден*, барлық субстанциялардың (өз тіршілігі үшін өзінен қажет етпейтін) жоғары субстанция - Құдайға және ол жаратқан өзара тәуелсіз субстанцияларға;
2. *екіншіден*, жаратылған субстанциялардың дәйекті және рухани (ойлайтын) болып бөлінуі.

Спинозаның барлық субстанцияларды біреуге - Табиғат-Құдайға біріктіруі Декарттың дуализмін жойған жоқ, өйткені ол барлық модустарды екі топқа жіктеді -дәйекті және ойлаушы. Яғни Декартта екі түрлі субстанция түрінде берілетін схема Спиноза философиясында бір субстанцияның модустарының көріністері түрінде беріледі. Декарт пен Спиноза философиясына керісінше, Лейбниц **монадалар туралы теория** (субстанциялардың көптігі туралы) ұсынды.

Лейбниц монадологиясының негізгі қағидалары:

1. бүкіл дүние көп санды субстанциядан құралған, субстанциялардың табиғаты дуалистік (Декарт пен Спинозада екіұдай) емес;
2. ол субстанциялар монадалар деп аталады (грек тілінен аударғанда «бір», «біреу»);
3. монада қарапайым, бөлінбейді, дәйекті емес, материалды-заттық құрылым емес;
4. монадологияның 4 сапасы бар: ұмтылыс;
әуестену;
қабылдау;
елестету.
5. мәні бойынша монада - өз жағдайын үздіксіз өзгертетін, біртұтас әрекет.
6. өзінің үздіксіздігіне байланысты монада өзін-өзі сезінеді;
7. монадалар абсолютті тұйық және бір-біріне тәуелсіз (Лейбниц пікірінше: бір нәрсе кіретін, бір нәрсе шығатын терезелері жоқ).

Барлық монадаларды Лейбниц 4 топқа жіктейді:

1. «жалаңаш монадалар» - неорганикалық табиғат монадалары (тастар, жер, пайдалы қазбалар);
2. жануарлар монадалары - түйсікке және жетілмеген өзіндік санаға ие;
3. адам (жан) монадалары - санаға, еске, ойлау қабілетіне ие;
4. жоғарғы монада —Құдай.

Монада класы жоғары болған сайын оның пайымдылығы мен бостандық деңгейі де жоғары.

*Монадалар
иерархиясы*

Құда
й
Алғашқ
ы

монада
Рухта

Періштелер де
және
адамдарда бар
Заттар және өздері
туралы нақты түсініктері
Рухани заңдар бойынша
әділетті түрде Құдай

Жаңа
бақарады

Періштелерде, адамдарда
және

Заттар туралы нақты
Механикалық заңдар
түсініктері бар
бойынша Құдай

(қозғалыс күші және берілуі туралы
заң)

Қарапайым немесе жалаңаш

монахалар

Кез келген объектіге

Айқын емес бұлдыр сезімдері

МЕХАНИКАЛЫҚ ЗАҢДАРЫ

БОЙЫНША ҚҰДАЙ

БАСҚАРАДЫ

(қозғалыс күші және берілуі туралы
заң)

Болмыс мәселелері, субстанциялар (монадалар) туралы іліммен қатар Лейбництің философиялық қызығушылықтарының келесі саласы гносеология (таным философиясы) болды.

Лейбниц эмпиризм мен рационализмді келісімге келтіру мәселесін былай шешті:

1. барлық білімді екі түрге: «ақыл ақиқатына»,
«факт ақиқатына» бөлді;
2. «ақыл ақиқаттары» ақылдан тарайды, логикалық тұрғыдан дәлелденеді, қажетті және жалпы сипатқа ие;
3. «факт ақиқаттары» - эмпириялық (тәжірибелік) жолмен алынған білімдер (мысалы, магнит тартылысы, судың қайнау температурасы, түрлі металдардың балқу температурасы); әдетте ондай білімдер фактіні атағаны, нақтылағаны болмаса, себептерін түсіндірмейді және болжамдық сипатта;
4. тәжірибелік (эмпириялық, «факт ақиқаттары») тәжірибелі білім «ақыл ақиқаттары» сияқты емес, болжамдық сипатта болғанымен, оны білім ретінде ескермеуге болмайды.

Осылайша, таным не рационалды не тәжірибелік болып білімнің бір түрімен ғана шектелмей, оның екі түрін де қажет етеді және олардың бірі - рационалды (ақыл негізінде алынған) - шын білім де, ал екіншісі - эмпириялық (тәжірибеге негізделген) болжамдық сипаттағы білім.

*Лейбниц
философиясының
қайнарлары және
ықпалы*

Ежелгі дүние дәуірі

Үнді философиясы

Буддизм

Антикалық философия

Элеаттықтар
Демокрит
Платон
Аристотель

Ортағасырлық дәуір

Фома Аквинский

ЖАҢА ЗАМАН

Фр.
Бэкон

Гоббс

Декарт

Спиноза

Ньюто
н

Локк

Вольф

ЛЕЙБНИЦ

Неміс классикалық философиясы

Кант
Фихте
Шеллинг
Гегель
Фейербах

. XX ғ.
Гусерль

Ағартушылық дәуірі деп екінші (Даңқты) ағылшын революциясы (1688-1689) мен Ұлы француз революциясының (1789-1794) аралығындағы кезеңді айтады.

Ағартушылық кезеңінің хронологиялық шеңберінде европалық субъективті идеализмнің бастауы саналатын Дж. Беркли (1685-1753) және антикалық скептицизм мен агностицизм қайта жандандырған Д.Юм (1711-1776) өмір сүріп, шығармашылықпен айналысты. Өзінің әлеуметтік - саяси көзқарастары бойынша Д.Юм Ағартушыларға жақын болса, философиялық ілімі, керісінше, ағартушылық философиядан тіпті өзгеше. Сонымен қатар бұл кезеңде европалық мистиканың көрнекті өкілі Э.Сведенборг өмір сүрді.

Ағартушылық философия алдымен Англияда қалыптасты. Оның бастауында Дж.Локк, Дж Толланд (1670-1722), А.Коллинз (1676-1729) және Дж.Пристли тұр.

Ағартушылық философия Европада, АҚШ елдерінде де дамыды. Америкалық ағартушыларға АҚШ идеологиясын қалыптастыруға ықпал еткен **Б. Франклинді** (1706-1790), **Т. Пейнді** (1737-1809), **Т. Джефферсонды** (1743-1826) жатқызуға болады.

Неміс ағартушылары қатарына **Г.Э.Лессингті** (1729-1781), белгілі дәрежеде **Кантты** (1724-1804) ендіруге болады.

Бұл кезеңдегі Ресей көрнекті орыс ағартушылары - **А.Н.Радищев** (1749-1802) және **Н.И.Новиков** (1744-1818) болды.

Қазақ ағартушылары - **Ы.Алтынсарин, Ш. Уалиханов, А.Құнанбаев** және **Ш. Құдайбердіұлы** да осы кезеңде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысты.

Ағартушылық идеялар сонымен қатар Польшада, Венгрияда, Югославияда, Румынияда кең таралды.

*Ағартушылық дәуір
философиясының
мыңызды
жаңалықтары*

| № | Жаңалықтары | Философтар |
|---|---|--|
| 1 | Субъективті идеализмнің дамуы | Беркли |
| 2 | Жаңа философиялық скептицизм мен агностицизмнің туып, дамуы | Юм |
| 3 | Дін және шіркеуді сынау, діни скептицизм мен азаиойдың, содан соң атеизмнің кең тарауы | Вольтер, Дидро, Гольбах, Ламетри, Кондильяк |
| 4 | Ньютонның механикасы негізінде қалыптасан деизмнің кең тарауы | Вольтер, Монтескье, Руссо, Кант |
| 5 | Ньютонның механикасы негізінде қалыптасан механистик материализмнің кең тарауы | Дидро, Даламбер, Ламетри, Гольбах, Кондильях |
| 6 | Материалистік және идеалистік сипаттағы сенсуализмнің кең тарауы | Локк, Кондильяк, Беркли, Юм |
| 7 | Сенсуализм мен рационализмнің қарсы тұруы (таным теориясы-сенсуализм негізінде құрылғанымен, рационализм-адам ақыл-ойының | |
| 8 | Әлеуметтік философияда: А) географиялық детерминизм концепциясының пайда боуы Б) "қоғамдық келісім" теориясының одан арғы дамуы | Руссо |

*Ағартушы дәуір
хронологиясы*

1688

1700

1750

1789

1800

Толланд
1670-1722г

Коллинз
1676-1729г

Пристли
1733-1804г

Беркли
1685-1753

Монтескье
1689-1755

Сведенборг
1688-1772

Вольтер
1694-1778

Франклин
1706-1790

Ламетри
1709-1751

Юм
1711-1776

Руссо
1712-1778

Дидро
1713-1784

Гельвеций
1715-1771

Кондильяк
1715-1780

Глоьбах
1723-1789

Кант 1724-1804

Лессинг 1729-1781

Пейн 1737-1809

Джефферсон 1743-1826

Радищев 1749-1802

ХҮШғ. француз ағартушылығы және оның өкілдері

XVIII ғасырдағы француз философиясын **Ағартушылық философия** деп атау қабылданған. Бұлай аталуы оның өкілдерінің Құдай, қоршаған дүние мен ондағы адам орны туралы қалыпты түсініктерді түпкілікті жойып, өз философиялық ізденістерінде новаторлық көрсетіп, ұлғайып келе жатқан буржуазиялық идеяларын ашық насихаттауында.

Жалпы алғанда, француз ағартушылары 1789-1794 жылдардағы Ұлы Француз Революциясын идеологиялық тұрғыдан дайындаушыларға айналды.

Француз Ағартушылық философиясының негізгі бағыттары 3:

1. деистік;
2. атеистік - материалистік;
3. утопистік - социалистік (коммунистік).

Деизм - (Декарт дуализмімен - материализм мен идеализмнің теңдігі және өзара байланыстылығы) - жақтаушылары мынадай қағидаларды ұстанатын философиялық бағыт:

1. жеке Құдай идеясын теріске шығарады;
2. Құдай мен Табиғатты біріктірумен (пантеизммен) келіспейді;
3. Құдайды тек алғашқы бастама, тіршілікке қозғау берген себеп қана (одан артық емес!) деп есептейді;
4. табиғи процестер мен адамдар істеріне, тарих барысына, жаратылғаннан кейінгі қоршаған дүниеге Құдайдың қатысын, ықпалын мойындайды;

Деистік бағыттың өкілдері-

Вольтер

Монтескье

Руссо

Кондильяк.

Атеистер (teos - Құдай; а - жоқ) кез-келген формадағы Құдай тіршілігі идеясын мойындамайды, дүние мен адамның шығуын тек материалистік, ғылыми-жаратылыстық позициядан түсіндіреді, таным сұрақтарында эмпиризмді жақтайды.

Атеистік — материалистік философияның өкілдері:

Мелье

Ламетри

Дидро

Гельвеций

Гольбах.

Утопиялық - социалистік (коммунистік) бағыт ХУІІІғ. ортасында қалыптасты, Ұлы француз революциясы кезі мен одан кейінгі кезеңде кең тарады.

Француз социалист - утопистері (коммунистер):

Мабли

Морелли

Бабеф

Оуэн

Сен-Симон.

Негізгі назарды социалист - утопистер теңдік пен әлеуметтік әділеттілікке негізделген мінсіз (идеалды) қоғам құру мәселесіне аударды.

Көрнекті өкілдері: Вольтер
Монтескье
Руссо
Кондильяк.

Вольтер (шын фамилиясы — Аруэ) **Франсуа** (1694-1778) - философ, жазушы, публицист, француз Ағартушылығы негізін қалаушылардың бірі.

1. дінге, әсіресе католицизмге жан-тәнімен қарсы шықты (оның дінге қатысты әйгілі ұраны: «жаншып таста!» (Раздави гадину!));

2. Кұдайды тіршіліктің бастамасы, айналадағы дүниенің негізі деп қарастырады, бірақ ешбір теория мен практика Оның бар немесе жоқ екенін нақты дәлелдей алмайды деп санады;

3. Кұдайдың бар екенін мойындау - қоғамдық тәртіпті сақтау мен адамдардың (Кұдай жазасы алдындағы қорқыныш арқылы) адамшылық бет - бейнені сақтауы үшін моральдық-эстетикалық тұрғыдан аса қажет;


4. танымға қатысты эмпиризмді жоғары бағалай отырып эмпиризм мен рационализмді біріктіруді жақтады;

5. халыққа деген гуманды қатынасқа, оның құқықтарын құрметтеуге шақырды;

6. мемлекет идеалы ретінде «білімді әмірші» (просвещенный абсолютизм идеясы) басқаратын абсолютті монархияны жақтады. «Білімді» монархтардың біразымен (онын ішінде Ресей императрицасы II Елизавета да бар) хат жазысып, мемлекет мәселесінде практикалық кеңестер беріп тұрды.

*Вольтер
философиясының
қайнарлары және
ықпалы*

Жаңа заманның бас кезі



Вольтердің замандасы - француз философы, жазушы, заңгер, ғалым - **Шарль Луи Монтескье** (1689-1755) болды.

Ол:

- деистік позицияны ұстанды - Құдайды Жаратушы деп танығанмен, Оның табиғат процестері мен адамдар істеріне араласу мүмкіндігін терістеді;
- Құдайды тәртіпті сақтау және адамгершілікке тәрбиелеу құралы ретінде қарастырды;
- тарихты жасайтын Құдірет емес, адамдардың өздері деп түйді;
- адам жанының ажалсыздығын терістеді, христиандықты, католик Шіркеуін қоғамға ықпал етіп, билікке деген ұмтылыстары үшін, адам белсенділігін жаншып, дінге сенушілерді көп сұрақтарда алжастыратындығы үшін қатаң сынады;
- қоғам құрылысын климат пен географияның әсерімен түсіндірді (ауа райы ыссы оңтүстік елдері деспотизмге, салқын климаттағылар - демократияға, орташа климатты ортаевропалық қоғамдар - кезегімен деспотизмнен демократияға және керісінше алмасу бейімділігімен ерекшеленеді);

□ мемлекет пайда болғанға дейін адамдар бір-бірімен санаспай, өз инстинктері мен қажеттіліктерін қалағанынша кедергісіз қанағаттандыратын «табиғи жағдайда» тіршілік етті. Ондай тіршілік қиындатанда адамдар «қоғамдық келісім» негізінде, бір-бірінің құқықтары мен мүмкіндіктерін мойындайтын көпшілік билігін құрды.

□ «билікті бөлу» идеясын ұсынды - нәтижелі қызмет ету және деспотизмді болдырмау мақсатында мемлекеттік билікті 3-ке бөлді:

заң шығару

орындау

сот биліктері

□ заңның үстемдігін жақтады.

Монтескье философиясы адамзаттың кейінгі тарихы үшін аса мәнді болды - философ қазіргі демократиялық мемлекеттердің негізінде жатқан идеяларды ұсынды. Олар:

1. заң приоритеті идеясы;
2. биліктің заң шығару, орындаушы және сот биліктеріне жіктелуі.

Жан-Жак Руссо (1720-1778) - саяси-әлеуметтік философияға көп мән берді, революцияшыл демократтық позицияны ұстанды .

Руссо философиясының негізгі қағидалары:

1. Құдайды әлемдік ерік, әлемдік ақыл деп білді;
2. материя жаратылмаған және әрқашан объективті тіршілік етеді;
3. адам ажалды тән мен мәңгілік жаннан тұрады деп сенді;
4. адам дүниені (заттар мен құбылыстар мәнін) түпкілікті толық танып біле алмайды деп санады;
5. дін атаулыға, христиандыққа қарсы болды. Бірақ «дін жойылған жағдайда моральдық шек жойылып, адамгершілік төмендейді» деп қауіптеніп, діндерді алмастыратын «азаматтық дін», «әлемдік ерік культі», «ұлы тіршілік культі» т.б. ойлап шығаруды ұсынды.
6. эмпириялық (тәжірибелік) танымды жақтады;

Этьенн Кондильяк

Этьенн Кондильяк (1715-1780) - қоғам мәселесіне аз мән беріп, негізгі назарды танымды (гносеологияны) зерттеуге аударды.

Кондильяк философиясының басты идеялары:

1. дүние танылады;
2. адам мүмкіндіктері (ақылы, сезім мүшелері) қаншалық болса, оның сыртқы дүниені тану мүмкіндігі де соншалық;
3. қоршаған дүние - барлық білімдердің көзі;
4. таным негізінде сезімдік қабылдау жатыр (сезім органдарының қоршаған дүниені адам ақылында бейнелеуі);
5. сезімдік қабылдаудың қатысынсыз, тек ақыл арқылы тану деген болмайды.

Атеистік-материалистік бағыт және оның өкілдері

Атеизм - философиядағы Құдайдың қандай да болмасын тіршілігі мен көріністерін терістейтін және дінді жоққа шығаратын бағыт.

Материализм — идеалдының (рухтың) қоршаған дүниені жаратудағы және болмысындағы рөлін мойындамайтын дүние, оның құбылыстары мен адам тіршілігін жаратылыстық ғылымдар тұрғысынан түсіндіретін философиялық бағыт.

Атеистік - материалистік философия XVIII ғасырдағы Франциада, Ұлы француз революциясы кезінде кең тарады. Оның көрнектері өкілдері: Мелье, Ламетри, Дидро, Гельвеций, Гольбах болды.

Жан Мелье

Жан Мелье (1664-1729) - кәсібі священник болғанымен, өмір жолында Құдай мен дінді толық терістеп, атеизмге келген философ-материалист. Ол:

- ешбір Құдірет түрінің (оның ішінде Құдайдың да) тіршілігін мойындамады;
- материядан бөлек тіршілік ететін идеяға, өлмейтін жанға сенбеді;
- қоршаған дүние ерекше субстанциядан — материядан құралады деп есептеді;
- материя - бүкіл тіршіліктің, барлық заттардың алғашқы себебі, ол жаратылмайды және шын тіршілік етеді, өзіндегі қозғалу қасиетіне байланысты тоқтаусыз өзгереді;
- материя - комбинациялар нәтижесінде түрлі заттар құралатын ұсақ бөлшектерден тұрады; .

- таным - материяның материяда бейнеленуі:
- сезім — біршама білімдердің көзі;
- әлеуметтік антагонизмдердің себебі - қара жұмыстан құтылуды көздегендердің «қара ниетінен» туған жеке меншікте деп түсінді;
- абсолютизмді құлатып (өз заманындағы) мемлекет пен жеке меншікті жоюға шақырды;
- болашақтың қоғамын тең құқылы, бірге өмір сүретін, өндіріспен бірге айналысатын, кірісті тең бөлісетін туысқан қауымдар одағы түрінде елестетті.

Саяси-әлеуметтік көзқарастары бойынша Мельені социалист-утопистерге, алғашқы коммунистерге жатқызады.

Жюльен Ламетри

Жюльен Ламетри (1709-1751)- де атеистік-материалистік позицияны ұстанды:

1. идеализм мен теологияны толығымен терістейді;
2. қоршаған дүниені - жаратылмайтын, мәңгі, шексіз, біртұтас субстанциялардың -материяның түрлі көріністерінің жиынтығы деп есептеді;
3. жан, сана, сезімдер табиғи жолмен қалыптасады, материяның қасиеттері болып табылады;
4. материя өзіндік жетімді болғандықтан, Күдайға деген мәңгі қажеттілік жоқ;
5. танымда басты рөлді сезімдер атқарады, дүние толық таныла алады;
6. утилитарист болды: адам өмірінің мәні - оның жеке басының бақытында деп есептеді;
7. жеке меншік - адам бостандығының кепілі деп санады;
8. мемлекет идеалы ретінде «білімдар абсолютизмді» атады.

Дени Дидро

Дени Дидро (1713-1784)- аса көрнекті француз материалист-философы. «Ғылымдар, өнерлер, кәсіптер энциклопедиясын» жасау идеясымен Ағартушылыққа үлкен үлес қосты. «Энциклопедия» діни сенімдерден азат, озық ғылымдардың, өнерлердің негіздері мен өндіріс саласындағы білімдерден мәлімет құрап, буржуазиялық дүниетанымның негізін қалады. Оның жазылуына сол заманның ірі философтары, Дидроның замандастары Вольтер, Монтескье, Кондильяк, Гольбах, т.б. қатысты.

«Энциклопедияның» жазылуына 20 жылдан аса уақыт кетті.

Дидроның философиялық көзқарастары оның өз заманындағы француз ағартушы — материалистерінің философиялық позицияларына жақын. Ол :

1. материяны тіршіліктегі бірден-бір жалғыз субстанция деп сенді; ал барлық жеке заттар материяның көріністері;
2. қозғалысты материяның әртектілік сияқты қасиеті деп түсіндірді (материяның сансыз көп, түрлі бөлшектері оны қозғалысқа келтіреді);
3. әлемдік тіршіліктің рухани бастауын жоққа шығарды, сананы материяның қасиеті деп есептеді;
4. қоғамның негізінде «қоғамдық келісім» жатқанына сенді, сондықтан корольдар мен феодалдар билігінің күдіреттілігін терістеді;
5. мемлекет идеалы ретінде - «білімдар монархияны», ал экономикада - көпшілік мүддесін ескеріп, ақылмен бөлінетін жеке меншікті жақтады.

Француз философтары **Гольбах** (1723-1789) пен Гельвеций (1715-1771) де осыған ұқсас көзқарасты ұстанды.

Француз атеистік - материалистік философиясының тарихи мәні:

- материализм мен идеализмнің жігін ажыратып, бөліп тастады;
- философияны діни наным-сенімдерден тазартты;
- материя субстанциясына реалистік анықтама берді;
- сананың - материяның өзін-өзі бейнелеу қасиеті екендігі туралы қазірге дейін кең танымал идеяны тұжырымдады;
- тәжірибеге дейінгі сезімнен тыс «таза» білімді сынады;
- материалистік сенсуализм теориясын негіздеді және таратты (таным негізінде түйсік сезімдері жатады);
- жеке заттардың барлығы - ұсақ бөлшектердің түрлі комбинацияларының нәтижесі екендігі туралы идеяны ұсынды;
- қозғалыс - күдіретті құбылыс емес, материяның қасиеті екендігіне назар аударды;
- әлеуметтік әділеттік идеясын негіздеді;
- Ұлы француз революциясын идеологиялық тұрғыдан дайындады.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**